

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4073 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 24 қыркүйектегі N 183

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4073 U984073_ Жарлығын іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай қаулыларының жобаларын енгізсін:

тиісті құрылымдық бөлімшелердің штат санын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) бере отырып, қайта ұйымдастыру мен қысқарту жөнінде;

Агенттікке қайта ұйымдастырылатын құрылымдық бөлімшелердің функциялары мен өкілеттіктерін, қажетті материалдық-техникалық құралдарды және осы өкімнің 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың өзге мүлкін Агенттікке жүктелген міндеттердің және Агенттікке берілетін штат санының көлемінде беру туралы;

өз құрылымы мен штат санын аталған Жарлыққа сәйкес келтіру туралы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін аталған Жарлыққа сәйкес келтіру туралы.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ішкі істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Бас прокуратурамен келісе отырып, екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай қаулылардың жобаларын белгіленген тәртіппен енгізсін:

1) мына мемлекеттік органдардың штат санын қысқартудың есебінен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің штат санын ұлғайту туралы;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті - офицерлік құрамдағы 1 0 0 0 әскери қызметші;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы - 500 қызметкер;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдары - офицерлік құрамдағы 1 5 0 0 әскери қызметші;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін аталған Жарлыққа сәйкес келтіру туралы.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Агенттіктің қызметін 1998 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Кеңсесін, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен Агенттікке берілген штат санының бөлігін, материалдық-техникалық құралдарды және осы органдардың өзге де мүлкін ұстауға бөлінетін қаражаттың шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын республикалық бюджеттің жобасында Агенттікті ұстауға қаражат қ а р а с т ы р а т ы н б о л с ы н .

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р